

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 666 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысының әкіміне төтенше жағдайлардың туындау қаупін азайту, адамның денсаулығы мен өмірін сақтау, зиян мен материалдық шығынның мөлшерін төмендету мақсатында Теміртау қаласының тұрғын үйлеріндегі лифтілерді сатып алуға және орнатуға байланысты шығыстарға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 60000000 (алпыс миллион) теңге бөлінсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.22. N 763 , 2005.10.11 . N 1013 қаулыларымен .**

2. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.07.22. N 763 қаулысымен .**

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*